



«Самұрық-Энерго» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы Жария нұсқасы

«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы 29 қазанда күнгі
№11/21 шешімімен бекітілген

Қазан 2021ж.

Негізгі басымдықтар

Миссия мен стратегиялық мақсаттарды тиімді іске асыру мақсатында, жаһандық, ұлттық және корпоративтік деңгейдегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, ESG призмасы арқылы Қоғамның негізгі басымдықтары айқындалды



Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (*Environmental, Social, and Corporate Governance, ESG*) — бұл компанияны басқару сипаттамаларының жиынтығы, осылар арқылы компанияны экологиялық, әлеуметтік және басқару мәселелерін шешуге тартуға болады

«Самұрық-Энерго» АҚ ESG басымдықтары: Environment

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі бастамалары мен басым бағыттары

«Самұрық-Энерго» АҚ экономикасын көміртендіру, соның ішінде ЖЭК мен ГЭС-те электр энергиясын өндіру үлесін ұлғайту, ЖЭК пайдаланылатын жобаларды іске асыру, таза технологияларды қолдауды жандандыру, Алматы қаласы электр энергетикалық кешені көмір департаменттерін газдандыру

Су ресурстарын қорғау саласындағы әсерлерді барынша азайту, оның ішінде тұщы суды тұтыну көлемін азайту, бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су үлесін ұлғайту, сарқынды суларды ағызу көлемін және сарқынды суларда зиянды заттардың шоғырлануын азайту;

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бағдарламасын іске асыру

Environment

Экологиялық және экономикалық тұрғыдан ең жақсы технологияларды іздеу мен енгізуді қамтитын экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету: 1-санаттағы кәсіпорындарда шығарындылар көздерінде автоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнату, ГРЭС объектілерінде шаң ұстау жүйелерін орнату, жабдықтарды жаңғырту және жаңарту, жұмысты оңтайлы режимде жүргізу, болы мүмкін авариялық жағдайларды анықтау және алдын алу және т. б

Ірі тоннажды қалдықтар мен тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы іс-шараларды жетілдіру;

Қоршаған ортаға әсерді бағалауға қатысты көзделген іс-шараларды жақсарту арқылы жануарлар мен өсімдіктер әлеміне әсерді азайту

Экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру

«Самұрық-Энерго» АҚ ESG басымдықтары: Social

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлеуметтік даму саласындағы негізгі бастамалары мен басым бағыттары

1. Әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану

2. Жоғары этикалық стандарттарды енгізу, құндылықтар жүйесін дамыту және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру, адами капиталды инвестициялау және кәсіби даму

3. Компанияда әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету (қызметкерлердің қызығушылығын арттыру, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік жауапкершілік қағидаты негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу);



4. Әлеуметтік қорғалу (кемсітушілікке жол бермеу, адам құқықтарын сақтауды бұзу жағдайларына жол бермеу, тең құқықтар мен мүмкіндіктер);

5. Гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілету (жұмыс күші құрамындағы әйелдер үлесін ұлғайту, басшы лауазымдардағы әйелдердің оңтайлы санын қамтамасыз ету, кадр резерві құрамындағы әйелдер санын ұлғайту)

7. HR брендингі дамыту

6. Кадрлардың тұрақтамауын бақылау. Ішкі таланттарды ұстау және жоғары кәсіби кадрларды тарту (таланттарды басқару, ішкі құзыреттерді дамыту);

8. Кәсіби денсаулық және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесін жақсарту және оның нәтижелерін арттыру; неғұрлым ауыр зардаптарға жол бермеу мақсатында іске асырылатын инциденттер бойынша есептердің ашықтығын арттыру; халықаралық стандарттарды пайдалана отырып, қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тарту және еңбекті қорғауды басқару жүйесін бақылаудың тиімділігін арттыру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру

«Самұрық-Энерго» АҚ ESG басымдықтары: Governance

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік басқару саласындағы негізгі бастамалары мен басым даму бағыттары



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін одан әрі енгізу арқылы корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін қолдану

Тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйесін тиімді басқару, бұл сыртқы капиталға қол жеткізуді жеңілдетеді, капитал құнын төмендетуге және компания беделін жақсартуға мүмкіндік береді;



Басқарушылық есептілік жүйесін, оның ішінде басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі орнықты даму саласын жетілдіру



Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, сондай-ақ атқарушы органның және оның комитеттерінің, ЕТҰ басқару органдарының тиімділігін арттыру

Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығына сәйкес орнықты даму қағидаттарын енгізу және барлық инвестициялық сатыларда жобалық басқару практикасына тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану: элеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға әсер етуді бағалау және басқару (мәжбүрлі қоныс аудару, биоалуантүрлілік, мәдени мұра және т. б.);



Адал және еркін бәсекелестік, өзара тиімділік, ашықтық және өзі қабылдаған міндеттемелері үшін толық жауапкершілік қағидаттарына негізделген жауапты сатып алуға ықпал ету, сондай-ақ жеткізушілердің Компанияның орнықты даму саласындағы басшылығында бекітілген Компания жеткізушілеріне арналған Әдептілік нормаларын және басшылық қағидаттарын сақтау талаптарын енгізу;

«Самұрық-Энерго» АҚ ESG басымдықтары: Governance

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік басқару саласындағы негізгі бастамалары мен басым даму бағыттары

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жүйесін дамыту

Акционерлердің, инвесторлардың және өзге де стейкхолдерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтау

Компания органдары мен бөлімшелері арасында өкілеттік пен жауапкершілікті нақты бөлу

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болдырмау;

Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы іс-қимыл және іскерлік этиканы сақтау



Қаржылық тұрақтылықты арттыру



Жоспарлаудың, ішкі бақылаудың, комплаенс пен ішкі аудиттің, тәуекелдерді басқарудың, тұрақты дамуды басқарудың тиімді процестері мен жүйелерінің болуын қамтамасыз ету;



Акционерлермен және өзге де мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау және ақпараттық ашықтық қағидаттарын жетілдіру (нақтыланған және айқын саясат және компанияның директорлары мен басшыларына сыйақы беру рәсімі, ашық дивидендтік саясат, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес тұрақты даму саласындағы қаржылық есептілік пен жылдық есепті жыл сайынғы негізде жариялау және т. б.);

2022-2031 жж. арналған Даму стратегиясы

Миссиясы, Пайымдауы және стратегиялық бағыттары

ПАЙЫМДАУЫ

Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігінің тиімділігі зор жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы

МИССИЯСЫ


Тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, акционерлер үшін құн жасау, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму, экологиялық жолымен өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

- 1) «Жасыл» экономикаға көшу
- 2) Қатысушы нарықтарда энергия ресурстарының сенімді әрі бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз ету
- 3) Акционерлік капитал құнын арттыру

2022-2031 жж. арналған Даму стратегиясы

Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер және ПӘК




2022-2031 жж. арналған Даму стратегиясы

Бизнес-бағыттар бойынша стратегиялық мақсаттар

Бизнес-бағыттар және стратегиялық мақсаттар

★ - бизнестің негізгі бағыттары

Стратегиялық мақсаттар



19-міндет. Жаңа межелерге көтерілу жаңа бизнес бағыттары шеңберінде (АЭС, геотермалдық энергия) жүзеге асырылатын болады

2022-2031 жж. арналған Даму стратегиясы

Стратегиялық ПӘК және нысаналы көрсеткіштер

Қызметтің стратегиялық бағыттары	Мақсат	Стратегиялық ПӘК	Өлшем бірлігі	2024	2027	2031
«Жасыл» экономикаға көшу (33,3%)	Көміртегі ізінің мөлшерін азайту	Көміртегі ізінің мөлшерін азайту (100%)	%	-	-	≥(-10%) к 2021
Қатысу нарықтарында энергия ресурстарының сенімді бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз ету (33,3%)	Өнімділікті арттыру	Еңбек өнімділігі (100%/50%)*	коэффициент	1,1x к 2021	1,2x к 2021	1,5x к 2021
		ROI (0%/50%)*	%	>CoE	>CoE	>CoE
Акционерлік капитал құнын арттыру (33,3%)	Таза активтердің құнын ұлғайту	NAV (25%)	коэффициент	1,2x к 2021	1,5x к 2021	2x к 2021
		Қарыз/EBITDA (25%)	коэффициент	≤ 3,5	≤ 3,5	≤ 3,5
		Корпоративтік басқару рейтингі (25%)	рейтинг	BBB	A	AA
		Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді ұсыну(25%)	коэффициент	1,1x к 2021	1,2x к 2021	1,5x к 2021

* ROI қорының стратегиялық ПӘК деңгейі активтерді сату жағдайында қолданылатын болады, бұл жағдайда осы ПӘК салмағы 50% құрайды